

Павлодар облысы бойынша 2008 жылға арналған жер үсті су көздерінің ресурстарын пайдаланғаны үшін төленетін төлемақы мөлшерлемелері туралы

Күшін жойған

Павлодар облыстық мәслихатының 2008 жылғы 29 ақпандағы N 64/4 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2008 жылғы 27 наурызда N 3108 тіркелген. Мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды - Павлодар облыстық Әділет департаментінің 2009 жылғы 18 наурыздағы N 4-06/1966 хатымен.

Ескерту. Мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды - Павлодар облыстық Әділет департаментінің 2009 жылғы 18 наурыздағы N 4-06/1966 хатымен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңына және Қазақстан Республикасының "Салықтар және бюджетке төленетін басқа міндетті төлемдер туралы" Кодексінің 454-бабына сәйкес облыстық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ** :

1. Павлодар облысы бойынша 2008 жылға арналған жер үсті су көздерінің ресурстарын пайдаланғаны үшін төленетін төлемақы мөлшерлемелері көрсетілген шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың экология және қоршаған ортаны қорғау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Л. Белогривый

Облыстық мәслихаттың хатшысы

Р. Гафуров

Павлодар облыстық мәслихатының
(IV сайланған IV сессиясы)
2008 жылғы 20 қаңтардағы
"Павлодар облысы бойынша 2008 жылға арналған
жер үсті су көздерінің ресурстарын
пайдаланғаны үшін төленетін төлемақы
мөлшерлемелері туралы"
N 64/4 шешіміне қосымша

**Павлодар облысы бойынша 2008 жылға арналған
жер үсті су көздерінің ресурстарын пайдаланғаны үшін
төленетін төлемақы мөлшерлемелері**

Р / с №	Арнайы су пайдалану түрлері	Өлшем бірлігі	Мөлшерлемелері	
			теңге	тиын

1	2	3	4	5
1	Тұрғын үй-пайдалану және коммуналдық қызметтер	текше метр		4,53
2	Өндіріс, жылу энергетикасын қоса алғанда (өндірістік қажеттіліктер)	текше метр		13,02
3	Ауыл шаруашылығы	текше метр		3,66
4	Су көздерінің суын пайдаланатын тоған шаруашылықтары	текше метр		3,66
5	Су көздерінен су алмайтын су қоймаларында балық өсірумен айналысатын балық шаруашылықтары	өнімнің тонна	92,49	
6	Су көліктері	т.км		0,52

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК